


Л.Н. ГУМИЛЕВ  
АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ХАБАРШЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

1995 жылдан шыға бастады

ISSN 1028-9364  
ЕВРАЗИЙСКИЙ  
НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ.  
Л.Н. ГУМИЛЕВА



№ 3  
2004

# ВЕСТНИК

## АТАМЕКЕН - ҰРПАҚТАР ҮНДЕСТІГІ

Есілдің сол жағалауына орналасқан кең байтақ Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерімен еліміздің бар болмыс-бітімі көрініс тауып отырған "Атамекен" Қазақстан картасы" 2001 жылдың 8-қыркүйегінде ашылған болатын.

Көз алдыңызда ұлан-ғайыр Қазақстанның өр келбеті. Тыныс тіршілігі. Кешегісі мен бүгіні. Бәрі алақандағыдай. Туған өлкенің небір кереметтеріне куә боласыз. Қазақстанның ғажайып картасы туралы айтар ой көп. Соның бірі - оның дүниеге келгендігі.

Қазақстанның бет-бедері түсіріліп, алақандай көрінетін мемлекеттің пайда болуына түрткі болған 1997 жылғы саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалының ашылу кезінде туған Елбасының: "Баршамызға Елім, Жерім, Отаным дейтін, Өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін өткенімізден сабақ, бүгінімізден үлгі алатын, Қазақстанның барлық болмысы көрінгін Карта орналасуы керек", - деген ойы болатын. Сол ой жалғасын тауып, "Атамекен" Қазақстан картасы" ашылғаннан бері үш жыл ішінде этно-кешен көптеген жетістіктерге жетіп, қала тұрғындары ман қонақтарының сүйікті орындарының біріне айналып үлгерді. Бүгінде ағылып келіп жатқан қала тұрғындары мен қонақтарына тәнті боласың.

Еліміздің осыншама байлығын, тарихи жәдігерлерін, мәдени ескерткіштерін қойнына сыйғызған бұл ғажайып дүние бас қаламыздан ойып тұрып орын алуы ғажап, тіпті керемет!

Мұндай ғажап карта ТМД аумағында бұрын-соңды болмаған. Демек, мақтанышпан айтар жайымыз бар. Аз уақыттың ішінде Елорда тұрғындары мен қонақтарының рухани ләззат алып, "Отаным" деп мақтанатын, "елім, жерім" деп рухтанатын мәдени демалыс орнына айналып үлгерді. Этно-кешеннің аумағы -1,7 гектар. Мұнда 14 облыс және республиканың ірі қалалары Алматы мен Астана орналасқан. Олардың бар табиғаты, кескін-келбеті экспозициялық материалдар арқылы көрініс тапқан.

Байтақ Қазақстанның жер реңі әртүрлі, осы картадан шексіз жазық даланы, басын қар шалған биік тау шыңдарын, аптапты құмы мен ну ормандарын көре аламыз. Қазақ даласының таңғажайып суреттері көрген адамның жанын рахатқа бөлеп, ойландырмай қоймайды. Қазақ елінің таулары, өзендері мен көлдері әлем жұртшылығын өзіне баурай тартуда.

Еркелеген Есіл, бұрқыраған Каспий ...ертегі әлеміне сүңгігендей боласың. Сарыарқа төріндегі маң-маң басқан түйелер, жортқан киіктер, қой мен сиыры жайылып, құлын-тайы тебіскені көз алдыңа елестейді. Еуразияның есігі саналатын кең байтақ республикамыздың зор байлығы аспанмен астасқан, алып Алатау мен қойнауы құтты Қаратау да, Ілби аққан Іле мен буырқанған Балқаш та осы кешен аумағынан көрініс тапқан. Кешенде Алматы облысындағы Ең биік тау шыңы - Хан-Тәңірі (6 999 м), Алтай, Тарбағатай таулары және Алатау тауы өз ерекшеліктерімен көз тартады.

Атамекен табалдырығын аттағаннан-ақ, алдыңыздан Сарыарқа самалы тербеген қарт Каспий қарсы алады. Жағалауы жаһұт көне теңіз бар болмысымен, жан-жануарлар дүниесімен, мұнайлы мұнараларымен көз алдыңызда көркем көрініс болып, көңіліңізді шалқытып әкете береді. Бір үйсінде итбалықтар дамылдап, қаз-үйректері таранады. Тұнығына көз салсаңыз, қызыл балықтар байырқалап жатыр.

Сол қанатыңызда "Мұғажар" таулары және "өр Алтайдың" айбарлы шындарын көресіз. Ақбас Алатау да мен мұндалайды. Мұғажар тауының ең биік жері үлкен Бақтыбай деп аталады. Ол 657 метр биіктікте. Солтүстігінде тау таулы бұйрат болып басталып, оңтүстігінде бір-біріне қатарласа жатқан Батыс және Шығыс жотаға айналады. Бұл жоталардың ені 15-20 шақырым, оны аласа төбелі Алабас қазан шұңқыры бөліп жатыр. Мұғажар тауы Кембриге дейінгі және полезой эрасының кварциттерінен, кристалды тақта тастарынан, граниттерінен, құм тастарынан түзілген. Тау қойнауынан хромит, никель және басқа пайдалы кен өндіріледі.

Картада Қазақстанның барлық аймақтары қамтылып қоймай, еліміздің аумағында орналасқан көптеген нысандар айнымайтындай етіп көрсетілген. Олардың арасында қалалар, басқару мекемелері, мәдениет ошақтары, үй, өндіріс орындары, тарихи ескерткіштер бар. Таулар, орман-тоғайлар, өзен-көлдер өздерінің дәлдігімен ерекшеленеді.

Соның ішінде ұлан-ғайыр қазақ даласындағы Атырау өңірінің өз орны, өз өрнегі бар. Қазақтың күреске толы тарихын айтсақ, Исатай мен Махамбетке, Құрмағазы мен Дәулеткерейге соқпай өте алмаймыз. Атамекен кешенінде тұрған Құрмағазы мазары 1997 жылы дүниеге келген. Авторы - М. Нұрқабаев. Құрманғазы Сағырбайұлы - күйші, сазгер, асқан дүлдүл домбырашы, қазақтың аспаптық музыкасының классигі. Құрманғазы мазарының жанына жақындап келгенде "Қайран шешем", "Адай", "Кішкентай" күйлері құлаққа естілгендей болады.

1946 жылы қазанда Қазақ КСР ҒА-ның тұңғыш президенті Қ.И. Сәтбаевтың бастамасымен Атырау қаласында Қазақ КСР ҒА-ның Жайық-Жем ғылыми зерттеу базасы ұйымдастырылды.

1832 жылы Есіл өзенінің Қараөткел деп аталатын тұсында Ақмола округі құрылды. Бұл жерде ежелден маңызды мәселелер: әскери, экономикалық, жер шаруашылығы және Ұлы дала Сарыарқа арқылы қыстаққа өту жайлары талқыланып отырды. Оның басты бағыты мал саудасы еді. Соған орай мұнда сүт өнімдерінің мол түрі болды (қымыз, шұбат, айран, сусын, құрт және т.б.). Сүт өнімдерінің мол болуына орай бұл жерді АҚ МОЛ деп атаған болатын. 1939 жылы Ақмола облысы құрылды. 1998 жылы 6-мамырда Елбасының жарлығымен Қазақстан Республикасының астанасы Астана болып жарияланды.

Кешенде көрініс тауып тұрған Испат-Кармет металлургия комбинатының бірінші домнасы жаздың бел ортасында 1960 жылдың 2-шілдесінде қыздырылды. Жас қаланың бүкіл тұрғыны бұл күні болат алыбының алдына жиналған еді. Олардың көбі Теміртау құрылысшылары болатын. Үлкен елдің әр түкпірінен Сарыарқа жеріне 13 мың жігіт пен қыз келді. Теміртау шойыны құйылды. Олармен бірге шойынды тарихи бірінші балқытуға жас металлург, Қазақстан Республикасының болашақ Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қатысты. Елбасымыз болашақ еңбек жолын осы металлургия комбинатынан бастады. Қазір Испат-Карметтің өнімдері әлемнің 97 еліне тиетіліп жөнелтіледі.

Жалпы ел өміріндегі құнды жаңалықтардың көшірмесі этно-кешенде орын алуы басты шарт. Әрі Атамекеннің ашылу салтанатында Елбасы: "Қазақстан картасы" кешені ел қалай өмір сүрсе, солай тыныс алуы керек" деген болатын. Соған орай бұл мәдени орталық одан әрі жетілдіріліп, толықтырылу үстінде. Кешенде жинақталған бар дүние, мәдени құндылықтар қазақ ұлтының, бар қазақстандықтардың көрсеткіші деген сөз. Ал мұны іс жүзінде көрсете білу тынымсыз еңбектің арқасында ғана жүзеге асады. Осыған орай, аталған картаның күннен-күнге толығып, гүлденуі үшін атқарылып жатқан шаралар жетерлік. Шет мемлекеттердің де озық тәжірибелерімен санасамыз. Мысалы, Голландия жеріндегі этно-кешеннің жұмыс істегеніне жарты ғасырдай уақыт болған екен. Кешен жанынан нысан жасайтын, оны қайта өндейтін шеберханалары бар екен. Біз де этномемориалдық нысандардың, өзен-көлдердің, үй-жайлардың кем тұстарын түзеп, қалпына келтіретін арнайы архитектуралық-дизайн тобын құрдық. Сондай-ақ көз жауын алар жәдігерлерді қыста ақ түтек бораннан, жазда ыстықтан сақтауда да біраз тәжірибелер жинақтадық. Жақында "Атамекен" Қазақстан картасы этно-мемориалдық кешенінде Астана қаласындағы жастар ұйымының өкілдері Германиядағы Бавария жерінен келген Скаут бірлестігінің бір топ өкілдерімен кездесті. Бұл шараның мақсаты - қазақстандық және неміс жастары арасындағы тығыз қарым-қатынас орнату, жастар саясаты төңірегі жөнінде өзара тәжірибе алмасу және Қазақстанның тарихи жәдігерлерімен танысу еді.

Бүгінгі "Атамекен" Қазақстан картасы" еліміздегі құндылықтардың біріне айналды деуге негіз бар. Сондықтан бұл кешен қоғамымыздағы болып жатқан барлық оқиғаларды, тарихымызды айнытпай, мемлекетіміздің рухани тынысын тура айнадағыдай жайып салатыны сөзсіз.

Кешен жанынан Ғылыми ізденіс орталығы құрылды. Орталық мүшелерінің еңбектенуі арқасында кешен нысандары туралы жан-жақты әңгімелейтін, қазақ, орыс және ағылшын тілінде жарияланатын "Атамекен" атты түрлі-түсті, көркем суретті журнал шығарылды. Оған қоса шағын ақпарат беретін қалта кітапшасы да жарық көрді. "Атамекенді" тамашалауға келген қонақтарға танымдық түсінік беретін экскурсия жүргізушінің басшылыққа алар негізгі мәтіні талап деңгейіне сай мемлекеттік тілде жазылып, мазмұны тың мәліметтермен толықтырыла түсті. Еліміздегі барлық тарихи жәдігерлердің толық дерегі жиналу үстінде. Ғылыми шығармашылық орталықтың қызметі мұнымен ғана шектеліп қоймайды. Еуразия университетінің басшылығы мен институтының тарих, архитектура бөлімінің студенттері жазғы өндірістік тәжірибелерін осы "Атамекен" жанында өткізуге келісім жасады. Аталған университеттің тарих кафедрасы студенттерімен бірлесе отырып, әр макет туралы нақты мәлімет жинау жұмыстары жүргізілді. Табылған деректер экскурсия жүргізушілерінің мәтініне қосылып, тіркелді. Ғылыми шығармашылық ізденіс орталығында жоғары маманды тарихшы, журналист, этнографтар қызмет етеді. Олар жоғарыда айтылған қызметтермен қатар, ғылыми жұмыстар атқарып, конференция, дөңгелек үстел және тақырыптық кештерді өткізеді. Этно-кешеннің мақсаты да сол - Қазақстан деген мемлекеттің тыныс-тіршілігін әлемге паш етіп, жас ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеу.

Мұнда келушілер де көп, келген әр азамат туған өлкесінің құпияларына қанығыш, марқайып шығады. Жүрегінде "Міне, мен осындай елдің азаматымын" деген мақтанш сезімі ұялайды. "Атамекен" Қазақстан картасының" маңызы күн санап артып келеді. Мұны кешенге күн суытпай келетін көрермендердің санының өсуінен байқауға болады. Қазақстан картасына еңбектеген сәбиден, еңкейген кәріге дейін келеді десек артық болмайды. Әрине, аталған кешенді тек астаналықтар емес, барлық қазақстандықтар, ТМД елдері мен алыс-жақын шетелдіктер де тамашалай алады. Жыл сайын кешенге әр елден 50 шақты делегация құрамы келіп тұрады. Әрбір мазардың немесе күмбездің тарихымен танысып, құмарын қандырады. Солардың бірі - Арыстан-баб кесенесі. Ол көне Отырар жеріндегі сәулет өнері ескерткіші. Түркістан халқының арасында мұсылман дінін таратушы Қожа Ахмет Яссауидің ұстазы болған Арыстан-баб ата қабірінің басына салынған. Кесененің ең көне бөлігі - қабірхана. Қабір үстіне алғашқы белгі XII ғасыр шамасында орнатылған. Мазар XIV ғасырда қайта жөндеуден өткен Сол сияқты, Отырар қаласы Қазақстанның ортағасырлық қалалары ішінде айрықша орын алады. Біздің заманымызға дейінгі I ғасырда белгілі болған. XIII ғасырда монғол шапқыншылығына алты ай бойы қарсы тұрған. Отырар XIII ғасырда Тарбанд деген атаумен белгілі. Бұл атау Күлтегін мен Білге қаған құрметіне арналған көне түрік руна жазбаларында кездеседі. Отырар қаласында ортағасырлық атақты ғалым, әрі ойшыл әл-Фараби дүниеге келген. Сонымен қатар дүние жүзіне белгілі Отырар кітапханасы болды.

Кешенмен танысушылар "Атамекен" Қазақстан картасымен" танысу барысында Оңтүстік Қазақстан облысындағы Арыстан-баб, Қожа Ахмет Яссауи, әл-Фараби, Жамбыл облысындағы Айша бибі, Қарахан хан кесенелері, Қызылорда облысындағы Жанқожа батыр, Оқшы-ата, Қорқыт-ата туралы, Батыс Қазақстан облысындағы Абат-байтақ, Есет батыр, Атырау қаласындағы Жәңгір хан, Дәулеткерей, Құрманғазы, Сыр бойының ақыны Т. Ізтілеуов, сонымен қатар Қарасай мен Ағыбай батырлар бейіті және басқа да көптеген әлем таныған, артына өшпестей із қалдырған тұлғалар туралы қымбат мәліметтер алады.

Шығыс Қазақстан облысындағы Абай мен Шәкәрімнің қос мұнарасы бірден көзге түседі. Біріншісі - Абай мұнарасы 38 м, екіншісі - Шәкәрім мұнарасы 35 м. Кешеннің төрт бұрышында төрт күмбез бар. Бұрын осы орынға жерленген Абай, Оспан, Шәкәрім, Ахат бейіттерін қозғамай бәрін ішіне ала тұрғызылған кесене құрылысы көшпелілер мәдшіетінің үрдісінде қазақ халқының космогониялық танымын бейнелейді.

Қазақ елі секілді үлкен өріске бет алған мемлекет Батыс пен Шығыс мәдениетін қатар игеру керек. Болашақ саналы азамат өз ұлтының ғасырлар бойы жинаған руханияты мен өркениетін, ділі мен дінін, тегі мен тәрбиесін сіңіреді. "Атамекен" Қазақстан картасы"

білімді тереңдету үшін көрнекі құралдың біріне айналды. Астана мектептерінде жағрафия, тарих пәнінің ұстаздары да оқушыларымен келіп мағлұмат алуда. "Атамекен" картасының өскелең ұрпақтың бойына Отанға деген патриоттық, рухтық сезімін қалыптастыруға ықпалы зор.

Еліміздің Астанасында орналасқан "Атамекен" картасының әлем алдында мақтанышпен айта алар орны бар. "Атамекен" кешенінің негізгі мақсаты - келшек ұрпақты өзінің жерін, елін, тарихын сүйеге тәрбиелеу. Осы мақсатпен жыл сайын қала оқушылары арасында "Менің Отаным - Қазақстан" атты экскурсоводтар сайысы өткізіледі. Сайыс жеңімпаздары жазғы демалыс уақытында этно-кешенде жұмыс істеп, қонақтарды Қазақстан тарихымен таныстыруды дәстүрге айналдырған. Алғашқы жылы сайысқа қатысқан оқушы саны 20-дай болса, соңғы жылдары сайысқа қатысушылар саны өсіп келеді. Ал үстіміздегі жылдың мамыр айының 19- жұлдызында "Атамекен" этно-кешенінде Астана қаласы мектептерінің арасында "Үздік экскурсия жүргізушісі" сайысы өткізілді. Сайыс екі этаптан тұрды. Сайыстың бірінші жартысында оқушылардың Қазақстан тарихы бойынша білімдері тексерілді. Жоғары бағаға ие болғандары келесі этапқа өтті. Екінші этапта оқушыларға алдын-ала үлестіріп берген Қазақстанның облыстары бойынша жинастырған мәліметтеріне сүйене отырып, Қазақстан картасында әр оқушы өз облыстары туралы мағлұмат бөлісті. Сайыста өзінің білімділігін көрсетіп, сүрінбей шыққан оқушы "Үздік экскурсия жүргізушісі" атағымен марапатталды. Байқауда жеңімпаз атанған оқушылар өз білімдерін одан әрі пысықтау үшін осы Картада тәжірибе жинақтап жатыр.

Жаңа қоғам мүшелерін тәрбиелеп жетілдірудің актуалды мәселелерін шешу үшін алдымен жастардың санасын тарихи саналылығын қалыптастыру керек. Тарихи сана не нәрсеге байланысты қалыптасады? Ол сол халықтың тарихына, тіліне, мәдениетіне, әдет-ғұрпы мен салт- дәстүріне байланысты болады. Сондықтан жастардың тұлғалық дәрежеге жетіп қалыптасуы мол. Әрбір халықтың өзіндік тарихи жағдайына, өмір сүруіне, дамуына байланысты тілі, мәдениеті, тарихы, ұстанған дінімен қатар, ойлау салты, әлемді бейнелеу, оны танып білу стилі санасында берік сақталады, сонымен қатар ол ең үлкен құндылық ретінде бағаланады, ұрпақтан-ұрпаққа сабақтастық түрінде беріледі.

"Атамекен" Қазақстан картасы" этно-кешені мәдинетімізде жасалған тарихи құндылықтарымыз бен қазіргі жетістіктерімізді насихаттауда. Ұлан-ғайыр қазақ жерінің кең даласына кешегісі мен бүгінгісіне көз жіберіп, бүкіл Қазақстанды бір жарым сағат көлемінде аралап шығудың әсері ұшан-теңіз.

Ұлы дала деген атпен белгілі болған байтақ өңірді мекендеген ата-бабаларымыздың тіршілік-тынысынан мол мағлұмат аламыз. Мағынасы терең, мәні зор бұл еңбектің жарық көруі, халқымыздың рухани дамуындағы елеулі оқиға. Осындай мүмкіндікке қол жеткізген табиғи қорлары мол еліміз кіммен болса да қабырғасы тең мемлекет.

Біздің есік елімізге, оның ішінде Астанамызға ресми сапармен, іскерлік байланыстармен келген қонақтарға әрқашан ашық. Елордамызға ат басын тіреген әрбір адам, арнайы туристік сапармен келген топтар "Атамекеннің" қонағы болмай кетпейді деп ойлаймыз. Оларға мұндағылар "аяғынан тік тұрып" қызмет етеді. Сонымен қатар мұнда Үкімет мүшелері, Парламент Сенаты мен Мәжіліс депутаттары, қалалық әкімшілік қызметкерлері және ресми делегациялар жиі қонақ болып тұрады. Кешенге келген үлкен дәрежелі, терең ойлы еліміздің азаматтары ой- пікірлерімен бөлісіп, кешеннің одан әрі дамуына ақыл-кеңестер қосады. Абжанов Хангелді, Ақселеу Сейдімбек т.б. ұлағатты адамдардың жылы лебіздері "Атамекеннің" қызметкерлеріне тың күш қосып, қашанда шығармашылық ізденіспен қызмет етуге септігін тигізеді.

Кешен жыл сайын жаңа нысандармен толықтырылып келеді. Мәселен, биыл Оңтүстік Қазақстан облысына Домалақ ана, Қарашаш ана, Ибрагим баба және Бәйдібек баба күмбездері, Ордабасы стелласы қойылды. Сонымен қатар Астана қаласындағы ғимараттар макеттері қайтадан жондеуден өткізіліп, жаңа макеттер қосылып, қаланың жаңа келбеті бұрынғыдан бетер айшықтала түсті. Ал Алматы қаласына орталық мешіт

қосылып, Алматы облысына Қарасай батыр, Райымбек батыр ескерткіштері орнатылса, Қарағанды облысының жеріне Ақжолтай денешынықтыру орталығы, Валют-Транзит банкі нысандары орын тепті. Сонымен қатар кешенге Астанамызда салынып жатқан, болашақта бой көтеретін нысандар орналастырылды. Қала тұрғындары мен қонақтарының бос уақыттарында демалып, серуендейтін орынға айналған кешен төңірегіне гүлзарлар мен арнайы гүл алаңдары жасалған. Жолдардың қапталдарында гүл өсіріліп, әдемі гүл шоғырлары пайда болды. Соншама ақыл-ой мен кәсіби шеберлікті, қыруар қаржыны жұмсап, халық игілігі үшін жасалған дүниені көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Өркениет дүниесі осылай етеді. Бізде өркениет өрінен көрінуді бетке алған халық емеспіз бе? Ендеше баршамыз болып ат салысайық! "Атамекен" әлемнің кез келген елінде бола бермейтін ұлттық байлық.

"Атамекен" сан ғасырлар бойы сыр шертіп тұратын шежіре, ұрпақтар мұрасы.

Қазақстанда "Атамекен" есігін айқара ашты. "Көрген де арманда, көрмеген де арманда" дерлік дүние дүйім жұрттың игілігіне айналды. Оны ардақтау да керек, аялау да керек.